АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ҚЫЗЫЛҚОҒА АУДАНЫ
ЖАНГЕЛДИН АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ЖАНГЕЛЬДИНСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
КЫЗЫЛКОГИНСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ШЕШІМ **РЕШЕНИЕ**

2021 жылғы «30» желтоқсан № 29 ____ _____ 20 года

Жангелдин ауылы село Жангелдин

Жер теліміне уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығын беру туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 19, 36 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабының 1 тармағы 6 тармақшасына және 2021 жылғы 15 мамырдағы №41 жер учаскесінің жер-кадастрлық жоспарына сәйкес, **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылқоға аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне Жангелдин ауылдық округі, Жангелдин ауылы, Қази Өтемұратов көшесі, №26А нүктесінен, спорт кешені құрылысы үшін жалпы көлемі (90х90) 0,8100 га жер учаскесіне уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығы 2026 жылдың 25 тамызына дейінгі мерзімге берілсін.

2. Жер учаскесі бөлінбейді және жер учаскесін пайдалану барысында ауыртпашылықтар мен шектеулер қойылмайды.

3. «Қызылқоға аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:

1) аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімімен уақытша өтеусіз жер пайдалану келісім шартына отырсын;

2)«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша филиалы Қызылқоға аудандық тіркеу және жер кадастры бөліміне тіркету міндеттелсін.

4. Осы шешімнің орындалысын бақылау округ әкімі аппаратының бас маманы Ж.Куанышевага жүктелсін.

Округ әкімі **А.Бағдаров**

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ болып табылады. Қызмет бабында қажетті көшірмелер шектеулі даналан жасалады, белгіленген тәртіпмен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.